

**Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Архивтер мен құжаттамалар Бас басқармасы орталық аппаратының құрылымы туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 7 қазан N 1128. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.12.19. N 1788 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Архивтер мен құжаттамалар Бас басқармасы орталық аппаратының Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген құрылымы қосымшаға сәйкес, осы аппарат қызметкерлерінің 24 адам саны шегінде бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы

Архивтер мен құжаттамалар Бас басқармасына Бас басқарма бастығының бір орынбасарын, сондай-ақ 7 адамнан тұратын алқа ұстауға рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Архивтер мен құжаттамалар Бас басқармасының орталық аппараты үшін 2 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 7 қазандағы  
N 1128 қаулысына  
Қосымша

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті  
жанындағы Архивтер мен құжаттамалар Бас басқармасы  
орталық аппаратының  
Құрылымы

Архив ісін талдау және реттеу бөлімі

Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорын сақтау, есепке алу және ақпараттау бөлімі

Ұлттық архив қорын қалыптастыру және архивтер мен

құжаттамаларды тексеру бөлімі  
Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорының құжаттарын  
пайдалану және ғылыми тұрғыдан жариялау бөлімі  
Қаржы бөлімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК